

БЕКІТЕМІН

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық – техникалық университетінің  
басқарма төрағасы- ректоры

А.М.Наметов






«2» 09 2018 ж.

**ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ШЕБЕРХАНАСЫНЫҢ  
ШЕБЕРХАНА ШЕБЕРІ  
ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ**

СМЖ.07.ЛН.193

№ 00 басылым

№ \_\_\_ дана

Дайындалды: 05.09.2018 м. Тагаев О.О. 	Келісілді: 07.09.2018 м. Таубаев Ө.Б.  Таршилова Л.С.  Бисенбиев Б.І.  Ерболатқызы Т. 	Енгізілді: 12.09.2018 м. Алғашқы : Қайта каралуы: 12.09.2018 м.
--	--	--

## Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

## **1 . Бағыты**

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес дайындалды.

## **2. Қолдану саласы**

Бұл нұсқаулық оқу- өндірістік шеберханасының шебері (әрі қарай- шеберхана шеберіне ) арналған.

## **3. Лауазымдық міндеттері**

3.1.Шеберхана шебері міндеті:

3.1.1. Бекітілген шеберханадағы шығарылатын өнімдердің жинағын және ақаулықты қарау, өнімдер мен қызметтердің сапасын көтеру және уақытында жасау жұмыстарын ұйымдастырады;

3.1.2.Өнімдердің оның бекітілген үлгілерге (эталонға), стандарттарға, барлық сатысында техникалық режимдердің сақталуын, материалдардың, құраушы бұйымдардың, сақталуын бақылайды;

3.1.3.Шығарылатын немесе жеткізілетін бұйымдардың сапасын, өнімдер сапасының жарамдылығына жауап беру жұмыстарды басқарады;

3.1.4.Өндірістік жабдықтың және құралдарының дәлдігін, сақтауын, олардың жұмыс орындарда болуына, жауап береді;

3.1.5. Белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнімдерді өндірудің алдын алу, ақаулықтың себептері мен ол үшін айыптыларды анықтау, дайын өнімге рекламацияның түсуін болдырмау, сонымен қатар өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін көтеруге бағытталған іс-шараларды әзірлеу және енгізу бойынша шаралар қолданады;

3.1.6. Жұмыс уақытында техникалар қауіпсіздігін, өндірістік және еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртібінің ережесін сақтауына жауап береді;

3.1.7. Жаңа өнімдердің шығаруына, тапсырушының орындалған жұмыстарына (қызметтеріне) жауап береді;

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Шеберхана шебері басқарма-төрағасы ректордың бұйрығымен жұмысқа алынып, жұмыстан шығарылады;

3.2.2. Шеберхана шебері Шеберхана меңгерушісі жөндеу және пайдалану қызметінің бас инженеріне тікелей бағынады.

3.3. Шеберхана шебері білуі тиіс:

3.3.1. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу мәселелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық, нормативтік құқықтық актілері, өндірістік шеберхана жабдықтарының техникалық сипаттамасы, еңбекақы төлеу және материалдық ынталандыру нысандары бойынша ережелер, экономика, еңбектің, өндіріс пен басқарудың ұйымдастырылу негіздері, шеберхана жөндеу жұмыстары өндірісіне жедел бақылау ұйымдастыру, еңбекті ұйымдастыру негіздері, еңбек заңнамасы, ішкі еңбек тәртіп ережесі, өндірістік санитария ережелері, өрт қауіпсіздігінің талаптары;

3.3.2. Қазақстан Республикасының Заң шығарушы және нормативтік құқықтық актілерін, іс жүргізу жөнінде әдістемелік және өзге де материалдарды; Іс жүргізу жүйесінің негізгі ережелерін;

3.3.3. Университеттің орта мерзімге даму болашағын және оларды жүзеге асырудың шараларын;

- 3.3.4. Университеттің жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін және басқа да жасалынатын жұмыс бойынша ішкі нормативтік құжаттарын;
- 3.3.5. Университет құрылымы және оның бөлімшелерін;
- 3.3.6. Қызметтік құжаттар мен материалдар өтуін бақылау тәртібін;
- 3.3.7. Шеберхана меңгерушісі жүйесінің негізгі ережелері
- 3.3.8. Осы лауазымдық нұсқаулықты;
- 3.3.9. Еңбек заңнамасының негіздерін;
- 3.3.10. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

#### 3.4. Қызметтік талаптары:

- 3.4.1. Шеберхана шеберіне лауазымына тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және тиісті мамандық лауазымында жұмыс стажы кемінде 1 жыл немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіптік (арнайы орта, орта кәсіптік) білімі және тиісті мамандығы бойынша жұмыс стажы кемінде 3 жыл болуы тиіс;
- 3.4.2. Қызметіне қатысты мәселелер бойынша толық көлемде білімі болуы, ұйымдастыру қабілетіне ие болуы, жауапкершілігі жоғары, талапшыл, тез шешім қабылдай алуы, тәртіпті, адамдармен жұмыс жасай білуі керек;
- 3.4.3. Қызметтік деңгейде мемлекеттік тілді білуі қажет;

### 4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

#### 4.1. Шеберхана меңгерушісі:

- 4.1.1. Қызметтік нұсқауда көрсетілген өзінің қызметтік міндетерін тиісті деңгейде орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне негізінде жауапқа тартылады;
- 4.1.2. Қызмет ету барысында құқық бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстері негізінде жауапқа тартылады;
- 4.1.3. Материалдық шығын келтірген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекстері негізінде жауапқа тартылады;

#### 4.2. Шеберхана шебері өкілетті:

- 4.2.1. Түрлі ұйымдармен өз өкілеттілігі шеңберінде университет атынан қарым – қатынас жасауға;
- 4.2.2. Атқарып отырған қызметі шеңберінде құжаттарға қол қоюға.

#### 4.3. Шеберхана шебері құқылы:

- 4.3.1. Кәсіптік қызметін атқару үшін қажетті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етілуге;
- 4.3.2. Кәсіптік мамандық деңгейін көтеруге;
- 4.3.3. Жөндеу және пайдалану қызметі жұмыстарын жақсарту мақсатында университет кеңесіне ұсыныстар енгізуге;
- 4.3.4. Ұзақтығы 30 күнтізбелік күннен тұратын ақысы төленетін еңбек демалысын алуға;
- 4.3.5. Өзінің кәсіби абыройы мен қадірін қорғауға;
- 4.3.6. Жөндеу және пайдалану қызметі атынан қызметіндегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық мадақтауларға ие болуға.

### 5. Құжаттама

## 6.Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. №414-V;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007ж. №319;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015ж №410-V;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.05.2012ж №201-ө-м бұйрығымен бекітілген анықтамалық.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы;

СМЖ.07.ҚЕ.07. Университеттің ішкі тәртіп ережесі;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар;

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.

### 39. Бақылау (учаскенің, цехтың) мастері

Лауазымдық міндеттері. Бекітілген учаскеде шығарылатын өнімдердің жинағын және ақаулықты есептеу, өнімдер мен қызметтердің сапасын көтеру және бақылау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады. Өнімдердің (бұйымдар, жартылай өңделген өнім) сорттылығын бекіту дұрыстығын, оның бекітілген үлгілерге (эталонға), стандарттарға, техникалық шарттарға, және басқа да нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкестігін, өндірістік процестің барлық сатысында техникалық режимдердің сақталуын, жұмыс орындарда техникалық бақылау бойынша әдістер мен нұсқаулықтардың, буып-түю және ыдыс сапасының, жабдықтың техникалық жағдайының және көлік құралының, шикізаттардың, материалдардың, жартылай өңделген өнімдердің, құраушы бұйымдардың, дайын өнімдердің сақталуын бақылайды. Шығарылатын немесе жеткізілетін бұйымдардың (төлқұжаттарын, сертификаттарын) жинағын және сапасын, өнімдер сапасының санаттары бойынша мінеземелерін куәландыратын техникалық құжаттамасын рәсімдеу бойынша жұмыстарды басқарады. Өндірістік жабдықтың және құралдарының дәлдігін, бақылау-өлшеу құралдарының жай-күйін тексеру кестесінің сақтауын, олардың жұмыс орындарда болуын, мемлекеттік тексеріс үшін уақытында ұсынылуын қадағалайды. Белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнімдерді өндірудің алдын алу, ақаулықтың себептері мен ол үшін айыптыларды анықтау, дайын өнімге рекламацияның түсуін болдырмау, сонымен қатар өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін және сапасын көтеруге бағытталған іс-шараларды әзірлеу және енгізу бойынша шаралар қолданады. Өнімдер сапасының аса жетілген басқару жүйесін, бақылау әдісін (бұйымдардың, жартылай өңделген өнімдердің және материалдардың келіп түскен құрамдас бөлшектерінің кіріс бақылауын қосқанда), жаңа және қайта қаралған қолданыстағы стандарттарды, техникалық шарттар мен басқа да нормативтер мен нұсқаулықтарды әзірлеуге және енгізуге қатысады. Бағыныштылардың еңбекті қорғау ережесін, техникалар қауіпсіздігін, өндірістік және еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртібінің ережесін сақтауын бақылауды жүзеге асырады. Жаңа өнімдердің шығаруына, тапсырушының орындалған жұмыстарына (қызметтеріне) қатысады. Жұмысшылардың кәсіптік шеберлігін және біліктілігін арттыруға, оларды оқытуға, озық тәжірибелер енгізуге көмектеседі.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамалық, нормативтік құқықтық актілері және өнімдер сапасын басқару бойынша материалдар және нормативтік-техникалық материалдар, өндірістің технологиялық процестері және режимдері, шығарылатын өнімдердің негізгі технологиялық және конструктивтік деректері, шикізаттарға, материалдарға, жартылай өңделген өнімдерге, құраушы бұйымдарға және дайын өнімдерге қойылатын техникалық және экономикалық талаптар, экономикалық қызмет түрінде және ұйымдарда қолданыстағы стандарттар, техникалық шарттар, сапалы көрсеткіштердің нормативтері, технологиялық нұсқаулықтар, өндірістің техникалық бақылау құралдары, әдістері және жүйелері, дайын өнімдерді, шикізаттарды, жартылай өңделген өнімдерді, құраушы бұйымдарды қабылдау және сақтау ережелері, сынақтарды сұрыптау әдістері, өнімдерді буып-түю және таңбалау тәртібі, тауарлық белгілер мен кодтар туралы ереже, өнеркәсіп өнімдерінің сапасын аттестациялау тәртібі, өндірістік ақаулықтардың түрлері оларды алдын алу және жою әдістері, өнімдерді қабылдау және сынақтан өткізу ережесі, өнімнің (жұмыстың, қызметтің) сапасын куәландыратын техникалық құжаттаманы рәсімдеу тәртібі, экономика, еңбекті, өндіріс және басқаруды ұйымдастыру, ішкі еңбек тәртібінің ережесі, еңбек заңнамасы, ішкі еңбек тәртіп ережесі, өндірістік санитария ережелері, өрт қауіпсіздігінің талаптары.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және өндірісте жұмыс стажы кемінде 1 жыл немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіптік (арнайы орта, орта кәсіптік) білімі және өндірісте жұмыс стажы кемінде 3 жыл болуы тиіс.